

**Шымкент қаласының білім басқармасының
«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Келісілді:

Шымкент қаласының білім
басқармасының басшысы
Ж.А.Тажиева
2023 жыл



Бекітемін:

№136 жалпы орта білім
беретін мектеп директоры
Л.Мырзакасымова
2023 жыл



**Оқу жұмыс жоспары
2023 - 2024 оқу жылы
1-11 сынып**

Түсінік хат

Оқу жоспарын таңдау 2023 жылдың 29 тамыздағы Педагогикалық кеңесте қарастырылды. Оқу жоспарын жоспарлау барысында мектептің жаңа оқу жылындағы мақсат, міндеттері ескерілді.

2023-2024 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге басымдық беру жоспарланды:

- құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік, STEAM/ STEAM педагогикалық тәсілдерді іске асыру, пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты (оқу және жазу сауаттылығы, математикалық, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы) қалыптастыру;
- пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді арттыру;
- цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамытуды жүзеге асыру көзделуде.

Білім беру процесінде білім алушы басты назарда тұруы тиіс. Барлық оқыту процесі оған қолайлы әрі қауіпсіз орта құруға бағытталуы қажет. Алдағы оқу жылында үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау өзекті міндет болады.

Жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыру, жарқын болашақ пен тәуелсіз елдің ертеңі үшін зиялы тұлғаны қалыптастыру мақсатында **мектептің негізгі миссиясы:**

Кәсіп түрін саналы таңдауға дайын, өзгермелі қоғам өміріне бейім, жоғары мәдениетті, зерделі тұлғаны қалыптастыру. Білім алушылардың қабілеттеріне қарай саралап, ақпараттандырып,

2023-2024 оқу жылында білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы;

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы;
- «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы)

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы 1-қосымшасы** негізінде жүзеге асырылады:

1-сыныпта инварианттық компонент бойынша 18,5 сағат, вариативтік компонент есебінен берілген апталық 1 сағат жүктеме белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға, 1 сағат жүктеме оқушылардың логикалық ойлауын дамыту, кеңістіктік елестетуді және математикалық терминдерді пайдалану біліктілігін арттыру мақсатында «Қызықты математика» курсына берілді. 1-сыныптар бойынша ең жоғарғы жүктеме - 19,5сағат.

1-3-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

2-сыныптарда инварианттық компонент бойынша 22 сағат, вариативтік компонент есебінен берілген апталық 2 сағат жүктемені оқушылардың математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерді меңгеруде, сонымен қатар күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну қалыптастыру мақсатында «Қызықты математика» курсына берілді және жазу сауаттылығын дамыту мақсатында «Көркем жазу» курсын оқыту жоспарланды. 2-сыныптар бойынша ең жоғарғы жүктеме 24 сағат.

3,4-сыныптарда инварианттық компонент бойынша 25 сағат, вариативтік компонент есебінен берілген апталық 1 сағат жүктемені оқушылардың математикалық сауаттылығын ашу және пәнге қызығушылығын арттыру, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Қызықты математика» сабағы таңдалынды. Ең жоғарғы жүктеме 26 сағат.

5-9 сыныптарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 16-қосымшасы** негізінде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің төмендетілген үлгілік оқу жоспары таңдалынды.

Вариативтік компонент есебінен берілген элективті курстарды таңдау барысында білім алушылардың бейінді оқу пәндерінің бірін, оның бөлімін меңгерудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, пәнаралық негізде оқу пәндерін игеру және базалық оқу пәндерінің біреуін (немесе бірнешеуін) меңгерудің неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету, іс жүзінде маңызды мәселелерді шешу үшін іс-әрекеттің дағдылары мен әдістерін қалыптастыру, кәсіптік бағдар

беру жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз ету, танымдық қызығушылықтарды қанағаттандыру талаптарына сүйене отырып сараланды.

Вариативтік компонент сабақтарын жүзеге асыру барысы төмендегідей бөлініп берілді:

7-сыныпта элективті курстар «География», «Шетел тілі» және «Қазақ тілі», және «Биология», «География» және «Қазақ тілі».

8-сыныптарда «Алгебра», «География» және «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Қазақстан тарихы», «География» және «Орыс тілі мен әдебиеті»

9-сыныптарда «Химия», «Физика» және «Информатика»,

«Биология», «Химия» және «Қазақ тілі»,

«Қазақ тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Химия».

10-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің **2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 85-қосымшасын** басшылыққа ала отырып, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін **қоғамдық-гумнитарлық бағыт бойынша** жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары және **жаратылыстану – математика бағыты** бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары **86-қосымша** негізінде жүзеге асырылады. Элективті курстар пәні таңдалған бейіні бойынша аталған бағыттарға сай басымдық берілді. Бүгінгі оқушы – болашақ Отан қорғаушы. Оқушыларды отансүйгіштікке баули отырып, жоғары сынып оқушыларының алғашқы әскери және технологиялық дайындығын нығайту мақсатында «Оқу далалық жаттығу жиыны» таңдау курсы берілді.

«Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамытуға бөлімшені оқытудың әрбір мақсаты бағытталғанын түсіну маңызды, сондықтан мақсатқа жету әр бөлімді зерделеу кезінде ойластырылуы тиіс. Сауаттылықтың әртүрлі аспектілерін біріктіретін кіріктіру тәсілі де пайдалы және тиімді болуы мүмкін. Бұл тәсіл арқылы білім алушылар әртүрлі пәндер мен білім салалары арасындағы байланысты түсінеді, сол арқылы әлемді тереңірек және жан-жақты түсінуге мүмкіндігі туады» (Әдістемелік нұсқаулық). Осы орайда, **«Оқу сауаттылығы»** және **«Математикалық сауаттылық»** сабақтары элективті курс есебінен таңдалынып, білім алушылардың оқилатын мәтінді таңдауда сараланған тәсілді қолдану, белгісіз сөздердің үлесі немесе оның байланысы мен құрылымы арқылы мәтіннің күрделілігін анықтауға болады; цифрлық мәтіндермен, соның ішінде интернет-ортада жұмыс жасау дағдыларын дамытуға машықтандыру; оқу және цифрлық сауаттылыққа үйрету бағдарламаларын кіріктіру мақсатында берілді. **Математикалық сауаттылық** бойынша математикалық модельдеу, жиындар, геометрия, статистика тапсырмаларын талдауға мүмкіндік беріледі және ҰБТ даярлау барысында нәтижелеріне де, оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, **«Занимательная грамматика по русскому языку»** элективті курсы оқушылардың тілдік құзіретін дамыту мақсатында өткізіледі. Білім

алушылардың туризм және географиялық сауаттылығын дамыту мақсатында «Елтану» элективті курсы оқытылады.

«Жаһандық құзыреттілік» оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. Осыған орай, «Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі ұсынылған талаптарға сай бөлініп берілді: 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 9 – сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат, 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат. **«Жаһандық құзыреттіліктер»** курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Курстың міндеттері: 1) білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру; 2) тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру; 3) білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту; 4) эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу; 5) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

2023-2024 оқу жылында таңдалған оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың сапалы біліммен қарулануы, бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге заманауи мәдениетін қалыптастыруда, функционалдық сауаттылығын арттыруға ықпал ете отырып, жалпыға білім беру стандарттарының талаптарының орындалуы толық жүзеге асырылады деп сенім білдіреміз.

29.08.2023ж

Л.Н.Мырзакасымова

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің оқу жұмыс жоспары

Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а.2023 ЖЫЛҒЫ

18 тамыздағы №264 бұйрығы, 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы

8 қарашадағы №500 бұйрығына, 1-қосымша

[illegible]



Л.Н.Мырзакасымова

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары.

Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а.2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы, 4-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына, 1-қосымша

[illegible]



Негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а.2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы, 1 қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына, 1-қосымша

[illegible]



Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің оқу жұмыс жоспары

8 қарашадағы №500 бұйрығына, 1-қосымша

[illegible]

29.08.2023ж

Л.Н.Мырзакасымова

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудін
(Төмендетілген оқу жүктемесін) оқу жұмыс жоспары**

Нерізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы
№500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№412 бұйрығына, 16-қосымша

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны											Жалпы жүктеме, сағат	
		5А	5Ә	5Б	5В	5Г	5Ғ	5Д	5Е	5Ж	5З	5И	Апталық	Жылдық
Инварианттық компонент														
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	11	11	11	11	11	11	121	4114
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	66	2244
5	Математика	5	5	5	5	5	5	5	5	5	5	5	55	1870
6	Алгебра													
7	Геометрия													
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
	Жаратылыстану	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
9	Жаратылыстану	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
10	Физика													
11	Химия													
12	Биология													
13	География													
	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
16	Құқық негіздері													
	Технология және өнер	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
17	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
18	Көркем еңбек	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
19	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
Инварианттық оқу жүктемесі		27	27	27	27	27	27	27	27	27	27	27	297	10098
Вариативтік компонент														
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	5,5	187
Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер*														
Элективті курстар														
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
Вариативті оқу жүктемесі		1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	1,5	16,5	561
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		28,5	28,5	28,5	28,5	28,5	28,5	28,5	28,5	28,5	28,5	28,5	313,5	10659



**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің
(Төмендетілген оқу жүктемесін) оқу жұмыс жоспары**

Нерізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына, 16-қосымша

[illegible]



Нерізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына, 16-қосымша

[illegible]




Бекітемін
№136 жалпы орта білім берудің
Мектеп директоры
29.08.2023ж.

Л.Н.Мырзакасымова

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің
(Төмендетілген оқу жүктемесін) оқу жұмыс жоспары**

Негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы
№500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№412 бұйрығына, 16-қосымша

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны											Жалпы жүктеме, сағат	
		8А	8Ә	8Б	8В	8Г	8Ғ	8Д	8Е	8Ж	8З	8И	Апта лық	Жылдық
Инварианттық компонент														
	Тіл және әдебиет	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10	110	3740
1	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
	Математика және информатика	5	5	5	5	5	5	5	5	5	5	5	55	1870
5	Математика													
6	Алгебра	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
7	Геометрия	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
	Жаратылыстану	7	7	7	7	7	7	7	7	7	7	7	77	2618
9	Жаратылыстану													
10	Физика	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
11	Химия	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
12	Биология	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
13	География	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
16	Құқық негіздері													
	Технология және өнер	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
17	Музыка													
18	Көркем еңбек	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11	374
	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
19	Дене шынықтыру	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	22	748
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	28	28	28	28	28	28	28	28	28	308	10472
Вариативтік компонент														
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	5,5	187
Инвариантты компоненттен тандау бойынша пәндер*		3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	33	1122
Элективті курстар														
1	Қазақстан тарихы	1	✓1										2	68
2	География	✓1	✓1										2	68
3	Орыс тілі мен әдебиеті	1	✓1										2	68
1	Алгебра			✓1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306
2	География			✓1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306
3	Орыс тілі мен әдебиеті			✓1	1	1	1	1	1	1	1	1	9	306
Дене шынықтыру: спорттық ойындар		1	1	✓1	1	✓1	1	✓1	1	1	✓1	1	11	374
Вариативті оқу жүктемесі		4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	49,5	1683
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		32,5	32,5	32,5	32,5	32,5	32,5	32,5	32,5	32,5	32,5	32,5	357,5	12155



Негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына, 16-қосымша

[illegible]



Бекітемін
№136 жалпы орта білім беретін
Мектеп директоры
29.08.2023ж

Л.Н.Мырзакасымова

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша
жалпы орта білім берудің оқу жұмыс жоспары**

Негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы
№500 бұйрығы 85-қосымшасы
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі
№412 бұйрығы, 85-қосымшасы

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны					Жалпы жүктеме	
		10А	10Ә	10Б	11А	11Ә	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
1	Қазақ тілі	2	2	2	2	2	10	340
2	Қазақ әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	2	2	10	340
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	3	3	3	15	510
6	Геометрия	1	1	1	1	1	5	170
7	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
8	Физика	2	2	2	2	2	10	340
9	Химия	2	2	2	2	2	10	340
10	Биология	2	2	2	2	2	10	340
11	География	1	1	1	1	1	5	170
12	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
13	Дүниежүзі тарихы	2	2	2	2	2	10	340
14	Құқық негіздері	1	1	1	1	1	5	170
15	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	1	1	1	5	170
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	31	31	31	155	5270
Вариативтік компонент								
Жаһандық құзыреттілік		1	1	1	1	1	5	170
Элективті курстар		2	2	2	2	2	10	340
1	Оқу далалық жаттығу жиыны	1	1	1			3	102
2	Оқу сауаттылығы	1	1	1	1	1	5	170
3	Занимательная грамматика по русскому языку				1	1	2	68
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	3	3	3	15	510
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		34	34	34	34	34	170	5780

Л.Н.Мырзакасымова

Негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, 86- қосымшасы
Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына, 86-қосымшасы

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны						Жалпы жүктеме, сағат	
		10В	10Г	10Ғ	11Б	11В	11Г	апталық	жылдық
Инвариантты компонент									
1	Қазақ тілі	1	1	1	1	1	1	6	204
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	2	2	2	12	408
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	18	612
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	4	4	4	4	24	816
6	Геометрия	2	2	2	2	2	2	12	408
7	Информатика	2	2	2	2	2	2	12	408
8	Физика	2	2	2	2	2	2	12	408
9	Химия	2	2	2	2	2	2	12	408
10	Биология	2	2	2	2	2	2	12	408
11	География	2	2	2	2	2	2	12	408
12	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	12	408
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	6	204
14	Құқық негіздері	1	1	1	1	1	1	6	204
15	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	18	612
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	1	1	1	1	6	204
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	32	32	32	32	192	6528
Вариативтік компонент									
Жаһандық құзыреттілік		1	1	1	1	1	1	6	204
Элективті курстар		2	2	2	2	2	2	12	408
1	Оқу далалық жаттығу жиыны	1	1	1				3	102
2	Математикалық сауаттылық	1	1	1	1	1	1	6	204
3	Елтану			1	1	1	1	3	102
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	3	3	3	3	18	612
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35	35	35	35	35	35	210	7140

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы:
<https://uba.edu.kz/>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 № 406)
3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы №726 Қаулысы.



Бекітемін
мектеп директоры
Ж.Н.Мырзакасымова

Құрметті (ҚБ Оқу) бөлімі, қолыңызға 23.08.2023 № 100

Басқарушысы (Оқу) - тарапы жиналысында 2023 жылғы 2 тамыздағы 103-ші
шешіммен жиналысқа қатысқан және осы шешіммен бекітілген қызметтік
бұйрықпен бекітілген және басқарушысының осы бұйрықпен бекітілген
2-ші қосымшасына сәйкес жиналысқа қатысушылардың тізіміне қосылған

Қолыңызға берілді

1. М. Аманжолдың тағайындауына және осы бұйрықпен бекітілген

Қолыңызға берілді